





ИСАЙ
КАДАШНИКОВ

СҮМ ЗАМАН

1







"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

Калашников Исая Калистратович.К 17 **Сұм заман.** Тарихи роман. Бірінші кітап. Аударған
Нұрғазы Шәкеев. Астана, “Аударма”, 2004. – 555 бет.


Бурятияның Халық жазушысы Исая Калистратович Калашников кезінде “Қанығу”, “Соңғы шайқас”, “Жаңару” атты романдар мен “Кешу”, “Азғын” сияқты т. б. хикаяттар жазған. “Жаңару” романы үшін оған Бурят АССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілген.

Ал “Сұм заман” («Жестокий век») соңғы романы. Жазушы 1978 жылы дүниеден өтті. Бұл шығарма – бүкіл дүние жүзілік көркем әдебиеттің дәстүрлі реалистік үлгісімен астасып жатқан ауқымы кең дүние. Романға XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басындағы монғолдар тұрмысы, сол тұрмыстың қилы-қилы суреттері арқау болған. Шығарманың қақ ортасында – Темүжін-Шыңғысхан образы. Оқырманның көз алдынан бір-бірімен жауласып, қырғикабақ болып жүрген тайпалардың басын қосып, біріктіру жолында күрес тұғырына қонған Шыңғысханның қимыл-әрекеттері өтеді. Роман қазақтың найман, керей, қоңырат, жалайыр, меркіт руларының сол бір кездегі тарихын да біраз қамтыған. Шығармада Темүжін-Шыңғысханның әкесі Есукей мен шешесі Әуелүн жайынан да, зайыбы қоңырат қызы Бөрте, Бөртеден туған Жошы, Шағатай, Үкітай, Төле жайларынан да бірсыпыра мағлұматтар бар. Есімдері Қазақ еліне сонау көне дүниеден бері белгілі болған Сүбітай, Жебе, Боршы, Құбылай, Мұқали сияқты Шыңғысхан сардарларының қол бастаудағы қимыл-әрекеттерін суреттеуде де қаламгер шеберлік танытып отырады.

Роман тәжірмесі оқырманын бас алдырмай оқытатын ұлттық туынды болып шыққан. Оны қазақ тілінде сөйлеткен көрнекті аудармашы **Нұрғазы Шәкеев.**

К 4702130201-104
00 (05) – 04

ББК 84 Бурят 7-44



ISBN 9965-18-076-8 (I кітап)

ISBN 9965-18-103-9

- © М., «Советский писатель», 1978, на рус. яз.
- © М., «Советский писатель», 1980, на рус. яз.
- © М., «ЭКСМО-ПРЕСС», 1998, на рус. яз.
- © А., «Аударма» баспасы, 2004, на каз. яз.
- © Қазақстанның кітап графикасы суретшілерінің қоғамдық бірлестігі, 2004.

Бірінші кітап

ҚУҒЫН-СҮРГІН

Жұлдызды аспан

Шыр айналып тұрған-ды:

Міне қандай қырқыс-жанжал туган-ды,

Тұтас халық мұңданды.

Ұмытып жұрт

төсегіне жатқанды.

Мол олжаға

белшесінен батқан-ды,

Ана тұтқан қара жердің өзі де –

тітіркенді кезінде.

Міне қандай қырқыс-жанжал

туған-ды

әмбе тілдер мұңданды.

*(“Киелі аңыз”,
Монғол хроникасы, 1240 жс.)*

*Эпиграфты аударған
Қазақстанның халық жазушысы
Мұзафар Әлімбаев.*

Романды аударған **Нұрғазы Шәкеев**

БІРІНШІ БӨЛІМ

I

Қос өгіз жегілген жабық арба айдалада ақырын жылжып келе жатты. Арбаның артында ерттеулі ат ілеседі.

Қақ төбеден шақырая қарап қалған қызулы күн аңызак ұрған дала бетін жайлап алған. Ыстықтан қалжыраған қос өгіз бастарын төмен салып, мамырлай басады. Өгіздердің терге бөккен арқаларында – құжынаған шыбын-шіркей. Ал доңғалақ астында сусылдап, дала-ның ақ селеуі жапырылып қалып жатыр.

Әуелүн арбаның арт жағында отырған. Оның балғын кейіпті дөңгелек жүзінен тер моншақтары домалап, өз тойына арнап киген жібек желеңінің етегіне түседі. Көз шарасы қаншама ашық болса да, қалыңдық дәп осы сәт сол селеудің боз қылауын да, дала аспанының бір шөкім бұлтын да көрер емес, аңызак аптабын да сезетін түрі жоқ, – ол дәп қазір осы арадан тым жырақта, әкесінің киіз үйі тұратын айнакөлдiң жағасында, анасы мен бауырлары, балалық шақтың ермектері мен қызықтары қалған туған жұртының құшағы мен қалың ойдың тұтқынында отыр.

Қыз ұзатымына толып жатқан тайпалас оққуноуыттар жиналып еді. Әндер шырқалған, әзілдер айтылған, оспақ сөздер жарысып, бәр-бәрісі шат-шадыман қуанышқа бөленген. Қыздың өзі де қызыққа бір батып еді-ау сонда. Өйткені ол той біткенді қашан да жанындай жақсы көретін, ал мына той мұның өз тойы, өз қызығы емес пе – әсем әндер әуелеп, ақ тілеулі ақ баталар ақтарылып жатса, мұның бәрі өз абыройы, жігітінің абыройы. Мұның елі аңқылдаған ақ жар-қын ғұрпымен, тамылжыған әндерімен, айдай сұлу қыздарымен аты

шыққан ел. Бұл елден қалыңдық іздеп, жол шеті қияннан, кейде тіпті сыры беймағлұм Байқал жағалауларынан, ал қайсыбір шақ Қытай патшасы Алтан-ханның билігі жүріп тұрған сонау Ұлы қорған бойларынан дәмелілер келетін...

Жолдың алғашқы күні елеусіздеу өте шықты. Ол бір сәт ұзату тойы – ел-жұртымен қоштасу тойын есіне алды, өзіне арналып шығарылған әндерді іштей ыңылдап, күйеуіне көз қиығымен ұрлана қарап қояды. Бар жанымен жалындап сүйген Шіледуді жақсы-ақ жігіт қой, шіркін. Ұзын бойлы, шымыр біткен мығым денелі, ашаң жүзді, ақ жарқын жігіт; мұндай жігіт сені тектен-текке жәбірлемейді де, басқаның жәбір-жапасына сені тегі бермейді де деп білетін ол.

Әуелүн үшін бұл күн сол той-думанның бейнебір жалғасындай ма, қалай. Бірақ кешкісін қоналқаға тоқтап, Шіледу шай қамдасаң қайтеді?!” деп тілек артқан кезде, бұл дем ішінде-ақ өз өмірінде болып өткен күрт өзгерісті сезініп, үнемі көшіп-қонып жүретін өлеңтідей боз үйінің босағасын бір күнге де, бірер күнге де емес, мәңгілікке тастап шыққанын түсінген. Жаны күйзеліп, жабырқағаны сонша, тіпті шай қамдау жайын ұмытып, жерге отыра кетті де, қолдарымен бетін басып, ал еңіресін. Көздерін жыпылықтатып, аң-таң қалған Шіледу қалыңдығына бар еңсесімен еңкейе берген, шашынан сипаған, бірақ ләм деп тіл қатпаған. Әуелүн жылағанын қойып, үстіндегі желеңінің ұшығымен көз жасын сұртты де, от тұтата бастады. Бірақ жүректегі мұңы тарқай қоймады. Алаңсыз өмірдің өтіп біткені, тыңғаны-ау бұл. Енді бұл қазан-ошақты жағалар, киім-кешек тігумен болар, ерінің ер-тұрманын қамдап, көші-қон кезінде арба айдар, сонымен ғұмыр кешер...

Шіледу әрнені айтып мазаламады, оның сүйекті жаратылған жалпақ беті жайбарақат жайдары қалпынан бір өзгерсе бұйырмасын, қайта қулығы жоқ бейкүнә қысыңқы көздерінде мына бір халге ортақтасқан жылылық табы тұрды да қойды. Осы үнсіздігі мен жылылығы үшін де қыз бұған мың да бір разы еді.

Міне, қазір де, арбаның артқы жағында Шіледуге ту сыртын беріп отырған мына қалпында да жігітінің өзіне желке тұсынан қадала қарап қалғанын сезіп келеді. Күйеуі ылғи бірдеңе айтқысы келгендей көрінеді, бірақ мұның әңгіме-кепке зауқы болмады да, бұрылмастан отыра берді.

– Әуелүн, – деді ол.

Қалыңдық болар-болмас қана басын бұрды.

– Қымыз ішесің бе, Әуелүн?

Аңызға аптабынан таңдайы кеуіп қалғанын енді ғана сезінгендей. Бұл үнсіз ғана басын изеді. Қыздың шешесі арбаға салып берген торсықтан Шіледу ағаш тостағанға қымыз құйды. Жылымшы қымыз ашып, ақырып тұрғандай ма қалай, мұрынды жарып бір-ақ шыққан.

– Көп ұзамай Ононға жетеміз, – деді Шіледу торсық аузын байлап жатып. – Өгіздер мен атты суға қандырып, өзіміз де кешке дейін дамылдайық. Содан соң түнделетіп жүріп кетерміз. Әрі салқын, әрі қауіпсіз дегендей.

Сол бір кез Шіледу сауытбұзар жебелі садағын алыс тастамай, тізесіне қойып отырған, марал мүйізімен сапталған жалаң селебесі жанында, түп-тура қолының астында жатқан.

– Бұл жерде... қандай қауіп болуы мүмкін? – деп сауал қойды Әуелүн. Әйтеуір сөз болсын деп әшейін ғана сұрай салған.

– Бұл жерде көшіп-қонып, пиғылы жаман тайпалар жүреді. Сол тайпалармен біздер, меркіттер үнемі дұрдаразбыз. Жақында шайқасып та қалғанымыз бар. Біздің өміршіміз Тұдыр-білгіні өлтіріп, оның ұлы Тоқтабекті қатты қансыратып кетіп еді-ау сол антұрғандар.

Шіледу далаға беймазалау қарайлай отырып сөйлейді. Бірақ айналада тірі пенде жоқ еді, тек қурап тұрған қуаң шөптердің ара-арасынан саршұнақтардың әредік шаңқ-шаңқ етіп, бір-біріне дыбыс бергені естіледі.

Сәлден соң жер бедері едәуір ойпаң тартып, әлгі бір қурап тұрған қуаң да қатқыл қалпынан өзгере бастаған. Алғы беттен, діріл қаққан ыстық-тымық ауа әлетінен сұлбаланып, тал қопалары қараңдады. Су белгісін сезген өгіздер енді ширыға түскен. Шіледудің аты басын көтеріп, құлағын қайшылады.

Жалпақтау біткен шабынды-алаңқайдағы ағаш көлеңкесіне Шіледу өгіздерін доғарып, атын шідерледі. Әуелүн өзен жағасына барып отырды. Су бетінде сәуле ойнап, көз қарықтырады, шөптесінді жағаға шылп-шылп етіп толқын ұрады. Шіледу қатарласа отыра беріп, қалыңдығының иығына қолын салған.

– Жабыға бермеші, жаным. Біздің өмір сән болады әлі, қара да тұр осы айтқаным. Менің руым бай да емес, бағлан да емес, бірақ мен еңбек дегенде екіленіп кететін адаммын, мергендігім де біралуан.

Селенгіде не көп – аң көп. Сенің отбасың, Әуелүн жан, ең мықты деген ноянның отбасынан кем болмайды, қара да тұр осы айтқаныма. Сол үшін мен жанымды жанып, барымды салам, жан нұрым!

Ононның суына қадалып қалған Әуелүн бұл сөздерді үнсіз тыңдайды. Өзен табанымен шұбырып бара жатқан майда құм тұнық суда тұнба қалдырмай ағынмен бірге ағындап барады. Шіледудің жайлап айтқан жақсы сөзі Әуелүннің көңілін жайландырғандай. Ол енді сонау бір қияндағы Селенгінің жағасына жетіп, меркіттердің көшіп-қонба ел-жұртын ойша болса да көз алдына елестетіп көрмекші болып еді, бірақ онысынан ештеңе өнбеді. Оның көз алдына көлбеңдеп келе берген баяғы сол айнакөл, қалың қамысты айнакөлдiң жағасын жағалай отыратын баяғы сол киіз үйлер, сортаңы – құжырасы шығып, ақтаңдақ болып жататын сол бір жұтаң дала, яғни олкүноуыттардың туған жұрты.

– Селенгі де Онон сияқты ма екен? – деп сұрады қалыңдық.

– Селенгі көп үлкен. Оның бір шетінен екінші шетіне садағының жебесін жеткізетін батырлар кемде-кем.

Шіледу талдың курап тұрған бұталарын сындырып, шақпақ шағып, от жақты да, жан-жағына алақтай қарап, алаулап келе жатқан жалынды сол сәтінде-ақ апыл-ғұпыл сөндіре қойды.

– Қорықтың ба? – деп сұрады Әуелүн.

– Жалын алыстан көзге ұрады. – Шіледу жалтара жауап қатты да, қабағын шытты.

Өзінің көзінше қорқақ боп көрінуге намыстанып отырғанын сезді де, Әуелүн:

– Жарар, отсыз да отыра берерміз, – дей салды.

Шіледу қитығып, басын кекжитті.

– Жоқ, жакпай болмайды, жағамыз.

Тағы да шақпағын шақты.

Шіледу от үстіне үш аяқты жол мосысын құрып, оған су толы бақырашын ілді. Мұның бәрін айналасына алаңдап қарап жатпай-ақ соншама бір ептілікпен тез істеді. Әуелүн де “Құдыретті күшті көктәңір маған жақсы күйеу жіберген скен-ау” деп ойлап еді.

Үстінен желеңін шешіп тастап, шөп бетінде белуарына дейін жалаңаш отырған Шіледудің алқоңыр денесі алакөлеңкеде теңбілденіп көрінетіндей. Жігіт сол отырғал күйімен рақаттана жымынып, Әуелүннің әр қимылынан көз ала алмаған.

Шөпке аузы тиген ат басын оқыс көтеріп ап, әлде неден хабар бергендей кісінеп жіберді. Бұған үн қосып, тіл қатқандай тал қопа-сының арғы жағынан басқа бір аттың кісінесі естілгені. Шіледу ұшып тұрып, жалма-жан арбасына жетті, садағы мен селебесін ала салып, от басына қайта келді де, Әуелүнді іле көтеріп ап арба ішіне бір-ак ұрды, содан соң пердені түсірді.

Әуелүннің көңілінде қорқыныш табы болған жоқ. Ол пердені сәл-пәл ысырып, сыртқа көз тастаған. Шабынды-алаңқай бетінде астын-да ақ бақай жирен аты бар жалғызілік жүргінші көзге шалынады. Үстінде жай ғана жүн матадан тігілген кебенесі бар, бірақ қару-жа-рағы – қайкы жүз қылышы, жебе салған қорамсағы күміспен үптел-гендей көрінеді, ал ер-тоқымы мен жүгені ою-өрнекті жез танашық-тармен әсемделіпті. Әуелүннің таңқалғаны – жүргіншінің жалаң басы астына мінген атына ұқсас – жирен екен. Құлағының артына қарай асыра салған кіп-кішкентай бұрымшықтары түп-тура жезден өрілгендей жалт-жұлт етеді. Әуелүн бұл өмірінде жирен шаш пен-дені көрмеген де білмеген. Мына жүргіншінің көзі де өзге жұртты-кіндей иә қара, нә қойкөз емес, шегір көрінеді. Әлде өзі адам емес пе екен? Онда кім болғаны? Әлде пері, әлде жын?

Сезікті көздерін Шіледуден алмай атты адам тарғыл тартқан бөг-де бір үнмен амандық сұрады. Шіледу бірдеңе деп мінгір етті, бірақ қолдарын садағынан алар емес, кез келген сәтте жебені тартып жі-беруге тайынбастай дайын тұр.

Алаңқайды көздерімен айнала бір шолып өтіп, бұл арада басқа еш пенденің жоқтығына көзі жеткендей боп, көңілі орнына түскен салт атты:

– Немене одырая қалдың? Қайдан шыққан немесің өзің? – деп кекесінді сауал қойды.

– Алыстан келемін, – деп күңк етті Шіледу. Содан соң садағын төмен түсіріп, от басына барып отырды.

– Кімсің, меркітсің бе? – деп сұрады салт атты.

– Иә, меркітпін.

– Бәсе, көрініп тұр меркіт екенің. Басқа біреу болса, даланың салтын сақтап, келген мейманды дәмге шақырар еді, қымыз ұсы-нар еді. Әлде ата салты жүрмеуші ме еді сендерге, кісімсіген қу мер-кіт?

– Өзің мейман бола тұрып, өзгеге тілмарсы дей ме сен ата салты? – деді Шіледу тұнжыраңқы түрмен. – Кәне отырғың келсе отыр, қымыз құйып берейін.

Салт атты қаркылдап күлді.

– Бәсе, манадан бері әңгімені содан бастасаң етті. Бірақ, меркітім, мен сенің қымызыңды ішпеймін. Төл жұртыңнан қиянға шығандап, бұл жақта не ғып жүрген жансың өзің? Кім жіберді сені мұнда? Нендей шаруамен жіберді? – Салт атты еңкейе бере пердені ысырып жіберіп, арбаның ішкі жағына үңілді. – Пәлі!

Оның қайран қалған қадалма көздерін жап-жақын жерден көрген Әуелүн кейін қарай ығыса берген.

– Атың кім болды сенің, айдай сұлу ару қыз?

– Әуелүн¹ – деп тіл қатты бұл жаратпай.

– Ақша бұлтты несі! – Ыржия күлгенде қатар тізген бірөңкей ақ тістері ақсия қалған. – Сен ақша бұлт емес, сен найзағай бұлтсың? Ал айдай сұлу ару қыз, менің атым Есукей болады. – Ол енді Шіледуге бұрылды: – Меркітім, егер мына қыз сенің қарындасың болса, көк тәңірдің өзі куә, мына мен сендерге күйеу болуға әзірмін. – Қоразданып, мықын таянды.

– Бұл менің қалыңдығым.

– Қалыңдығым дейді?! – Жүзіндегі күлкі табы жайлап барып сөнді де, ол енді сұрлана қалды. – Қалыңды-ғым де... Қалыңдығың болса әкете бер әкететін жеріңе. – Енді қайтадан Әуелүнге қарады. – Егер сенің мына жігітің бізге қарсы қайсыбір кез қару көтеретін болса, сен жесір қаласың – біліп қой мұны. Сен де, жігітім, менің осы сөзімді есіңде ұста!

Ол тізгін тартып қалды да, артына бұрылып қарамастан шапқылап ала жөнелді.

Шіледу оның соңынан қадала қарап, тершіген мандайын апыл-ғұпыл сүрте берген.

Өйтіп-бүйтіп жүрек жалғап, бұлар өгіздерін жекті. Жолға қамданды, қамдана жүріп Шіледу қайта-қайта қарайлап, далаға құлақ түрді, құлақ түре жүріп: “Қарғыс атсын сені, жиренбас бөрі!” – деді күбір-күбір сөйлеп. Тек қатар тізген тал жалдары мен Ононның көз қарықтырар ирелең жайылмасы артта қалғанда барып, көңілі сәл-пәл орнына түскендей болған.

¹ Әуелүн – ақша бұлт.

– Сен әлгі адамды білесің бе? – деп сұрады Әуелүн.

– Мен оның тайпасын білем. Бұл тайшылар секілді жанжал құмар содыр-сотқар, бәлекорларды бүткіл дала әлетінен таппайсың.

– Оның шашы неге қара емес, көзі неге шегір? Әлде әлгі атаған тайпаңның бәрі сондай ма?

– Бәрі ондай емес. Іштерінде жиренбас бір ру бар. Шаштарының жирен, көздерінің шегір болғанын мақтан тұтып, бұлар оны құдайдың бізді артық жаратқанының белгісі деп соғады. Көрдін бе жаңа бір өзет менімен қалай-қалай сөйлескенін? Оның өйтіп одыраңдағаны – тайшылар біздің тайпаны тайпап кеткендігінен ғана емес. Бұл жиренбастар бар дүниедегі адам атаулыны адам құрлы көрмей, өздерінен кем санайды. Өйтпегенде қайтсін, егер аяқтары аспаннан салбырап түссе!

Шіледу ашуын өгіздерден алды – қамшыны тартып-тартып салғанда, екеуінің де тер басқан жон арқалары білеу-білеу болып шыға келген.

– Аспаннан салбырап түскені қалай?

Қалыңдығының жүзіне бір қарап алып, Шіледу енді жұмсарайын деді.

– Шал-шауқаннан естіген әңгімем еді. Сонау-сонау заманалар төрінде Барғұжын-Тоқым әміршінің Барғұжын-бикеш дейтін айдай сұлу қызы болыпты дейді. Оны хоритұмат тайпасынан шыққан Қорылдай-қалпе әйелдікке алыпты. Бұлардан Алан-бикеш дейтін қыз туған. Әйелі мен қызын алып, Қорылдай-қалпе осы аймаққа көшіп келеді. Осы жерде Алан-бикеш Добұн дейтін қалпеге тұрмысқа шыққан көрінеді. Көп ұзамай жас әйелі мен екі ұлын артына қалдырып, Добұн-қалпе көз жұмған ғой. Міне көксегеннің көкесі осы тұста басталса керек. Күйеуі болмаса да Алан-бике бір ұл табады, екі ұл табады, үш ұл табады. “Әу, бұл қалай?” – деп сұрамай ма жұрт одан. Сонда Алан-бике күн сайын кеш жамырап, қараңғылық түсіп, аспан әлетінде жұлдыздар ойнап, самсыған шақта киіз үйімнің шаңырағынан бір сәуле түседі де, шашы сары жас жігітке айналады, мына үш бала соның балалары депті. Бірақ біздің қарттар айтатын басқа да бір әңгіме бар. Алан-бикеге түн сайын кіріп жүрген және шаңырақтан емес, түп-тура іргеден кіріп жүрген ешқандай сәуле-мәуле емес, Майлық ныспылы тексіз-тебенсіз қызметші малай екен деп.

Шіледу шетсіз де шексіз ен даланың сұрғылтым-боз жазығына қадала қарап, үнсіз қалды.

Шіледуді қалыңдығымен бірге қалдыра сап, Есукей сонадайда көрінген көк белдерге тартты. Көк белдерде оның дала құстарына қырғидай тимек ойы бар-тын. Бірақ өзінің жаны сүйген ермегі – құс ату бұл жолы Есукейді пәлендей қызықтыра қоймаған. Өңі түгілі түсіне кіріп көрмеген жаңағы бір аяқ асты кездесу есінен кетер емес, көңілі соған іштей айналып соға береді. Ақымағын қарашы әлгі меркіттің! Туған жұртында жүргендей-ақ шалжиюын өзінің. Атын да, затын да, өгіз-мөгіз, қалыңдығын да тартып алса, содан соң өзіне мал баққызып қойса, қайтер еді бәлем? Ең дауасы сол болар ма еді! Жау қашан да жау күйінде қала бермек? Ау, соны шекесінен де шертпей, аман-есен қоя бергені қалай мұның? Әлде тым ашықауыз, аңқаулығы үшін аяғаны ма екен? Жоқ, сірә, олай болмаса керек. Ондай-ондай қарашаға мұның ешқашан да жаны ашып, бүйрегі бұрып көрмеген. Не ақылы, не айбаты жоқ неме екен. Сол меркіттің орнында мұның өзі – Есукей болса, көлденең жүрген көк аттыны арба ішіне үңілдірер ме еді? Ал енді сондай былжыр немеге қалыңдықтың қандай әдемісі бұйырған десенші тағы! Бет-әлпеті тайға таңба басқандай есте қалыпты: жабық арбаның ішінде жалт-жұлт еткен ашулы жанары, қияқ шөпке түскен шықтай боп, қалың қасына қонақтап қалған тер моншақтары. Бәрінен бұрын сол перизат үшін соқтықпаған шығар-ау бұл меркітке. Бірақ сонысы дұрыс болды ма? Бір қызығы, осының бәріне өзінің ақылғөй қарт тәлімгері хан Амбығай не айтар еді? Міне ондай-ондайды алдын ала болжап, білуің де тым қиын. Жакында меркіттермен арада өткен қақтығыста Есукей жау көсемінің жас ұлы Тоқтабекке тап бергені бар. Сүңгі салып, содан соң селебе сілтеп, Тоқтаны бірнеше рет жарақаттаған. Қан-жоса болған анау қаша жөнелген. Есукей бастырмалатып жетіп-ақ қалған еді, бірақ астындағы арғымақ аты аяғын суыр ініне сұғып алып, ұшып түскен. Өкініш кернеп, ыза буған Есукей қазанатын қағып тастай жаздаған сонда. Шайқастан кейін ол хан көзіне түспеуге тырысып жүрді. Әйтсе де Амбығай мұны өзі шақырып алып, былай деген:

– Байқаймын, сен қатты күйзеліп жүрген сияқтысың, бірақ күйзелетіндей ештеңе де болған жоқ. Тоқтабек әкесінің орнына отыруы тиіс. Ал жау тайпаның құлап қалған көсемі құламай тұрған көсемінен көш ілгері: ол ендігері бізге қарсы қол көтермейтін болады.

Есукейдің бабасы әйгілі Қабыл ханның досы әрі ізбасары Амбығай хан көп жайды тайпаның өзге нояндарынан мүлдем басқаша топшылайды. Меркіттермен болған шайқастан соң нояндар Амбығай ханнан бірде-бір күнді босқа өткізбей ежелгі жау – татарлар тайпасына қарсы дереу аттануды талап етті. Ол кезде Есукей де сол ойда болған. Шайқаста жеңіліп, көсемдерінен айырылып, есеңгіреп қалған меркіттер есін жиғанша бар күшпен татарларға лап қою керек дескен.

Амбығай хан ешкімнің сөзін бөлмей, селдір біткен ақшулан мұртының бір шалғайын шиырып, тыңдаған да отырған; мұртының бір шалғайын осылайша шиырып отыру оның ежелгі дағдысы еді, сондықтан мұртының екінші шалғайы ұзындау болатын да, ханның әжім басқан бет-әлпетін қисықтау ғып көрсететін. Жұрттың бәрі ойын айтып болған соң ол бір күрсініп алды.

– Жауды күші асқан жеңеді, ақылы асқан жеңістен пайда табады. Қазір татарларға қарсы шапқанымыз ақылдының ісі болар ма екен? Меркіттердің жеңілгенін олар біледі. Олар да мына сендерше пайымдайды, сондықтан бізді қарсы алуға дайындалып та жатқан болар. Ұрыс түбінің не болары бір тәңірге ғана аян. Тіпті біз жеңген күнде де ондай жеңістен не береке, не қайыр? Біздің күшейгеніміз Алтан-ханды алаң етпей қоймас. Ол бізге қарсы соғысқа аттанады. Бір өзіміз оған төтеп бере алмаймыз. Ендеше татарлармен жаулықты емес, татулықты ойлайық. Әскер шұбыртпай-ақ мен соларға өзім барсам деймін, сөйтіп ескі араздықтың отын өшіруге тырысып көрсем деймін.

– Олар сені өлтіріп тастайды! – деді Есукей.

– Бәлки, өлтіріп те тастар, – деді Амбығай хан мұнды кейіппен езу тартып. – Бірақ тыныштық орнатудың мұндай орайы енді қайтіп бізде бола қояр ма екен.

Бірнеше нөкер ертіп, Амбығай хан татарлардың көшіп-қонып жүретін жері – Бұйрақөлге жол тартқан. Оның қайтып оралар мезгілі әлдеқашан өтсе де, әлі күнге не өзі жоқ, не сөзі жоқ.

Есукейдің аты жолай от шалып, аяңмен келе жатты. Күн төбеден ауғанымен, ыстықтың беті қайтқан жоқ, дала әлеті мең-зең. Есукей аңға шығатынын мүлде ұмытқан. Бейнебір тізбектің бойын қуалағандай ой артынан ой туады, бірақ қандай ойға берілсе де, ақша бұлт қыздың есте қалған ерсең бейнесі көз алдынан кетпей, түсініксіз бір

хал жанын жегідей жеп, мазасын алады. Ононның жағасындағы талды копалардан ұзап кеткен сайын сабырды алған әлгі хал ап-айқын боп, албырай түскен. Тұла бойында қараша меркітке деген қызғаныш оты тұтанғанын ол енді ап-анық түсінген.

Есукейдің қатын алатын уақыты жеткені қашан. Барлық бауырларының, тіпті ең кіші інісінің де қатыны бар, ал мұның жолы болмай-ақ келеді. Әкесі бұған Ұлы қытай қорғанын сағалаған тайпалардың бірінен қыз айттырып еді. Бірақ қалыңдықты үйге әкететін кез тақалғанда әлгі тайпаны татарлар тайпап, көптеген адамдарын қырып салды, қыруар жандарын, соның ішінде мұның қалыңдығын да айдап әкетті. Содан соң әкесі, ержүрек Бартан батыр қайтыс боп кетті, содан кейін соғыс басталды. Сөйтіп, мұның шаңырағы әлі күнге қаңырап бос тұр. Оның әрдайым саят құрып, саяқ жүретіні осыдан. Есукейдің де түтінін жаңағы меркіттің қалыңдығындай хас сұлу түтетіп отырса ғой...

Әлі бір байламға келмеген ол тізгінін тартып қалды да, атының басын бұрып жіберіп, үйіне қарай күйғытып ала жөнелді.

Оның тайпасы тіккен киіз үйлер Ононның жағасындағы жазық төскейге шашырай қонған болатын. Ыстықтан шыбындаған жылқы үйірлері өзенде үйездеп, жағада жусап қой отары жатыр. Малшы-жалшы жандар жас қайыңның болар-болмас селдір көлеңкесін паналапты, олардың қасында қызыл тілін салақтатып, өкпесін соққан тақыр ит отыр шоқиып.

Есукей өзінің туған ағасы Некүн-тәйжінің үйіне ат басын тіреп, аттан түсті. Киіз есікті түріп жіберіп, табалдырықтан аттады. Үй іші алакөлеңкелеу әрі қоңыр салқындау екен. От басында малдас құрып ағалы-інілі Некүн-тәйжі мен Дәрітай-отшығын отыр. Мұның бет-әлпетіндегі қайсыбір өзгерістен секем алды білем, ағайынды жандар сөз күткендей аңырып, бұған үнсіз қарап қалған. Есукей сабыр сақтап, бауырларының қасына тізе бүкті де, бір кесе қымызды тартып жіберді. Өзін-өзі сыйлай білер дардай адамның сауысқанша сақылдап, сабырсыздық жасауы әдет-ғұрыпқа жараспайды. Үй иесіне – жасы үлкен ағаға інілік ізетпен байсалды түрде тіл қатты:

– Иә, мал-жандарың аман ба?

– Көк-тәңірдің бергеніне шүкір, – деді Некүн-тәйжі де сырбаз ғана сыпайылықпен сызыла сөйлеп, бірақ қуанышты күлкіден қызыл шырайлы жалпақ беті жайыла түскен ол кенет: “Есукей, мен ұлды

болып отырмын. Атын Құшар қойсам деймін. Жақсы есім емес пе, ә?” – деді.

Некүн-тәйжінің қуанышы қойнына сыяр емес. Ал ағайынды жігіттердің ең кішісі ғана емес, ең жұдырықтайы да, қол-аяғы еркектікі деуге келмейтін шидей, бөкене денелі Дәрітай-отшығын тіпті көздерін жұмып алыпты – құдды қуаныштан жарылып кетердей болып отырған сыңай танытады, бірақ отшығынды тым жақсы білетін Есукей бұл жылмиысының жалған екенін де сезеді. Бойының қораштығы, дәрменсіздігі оның мінез-құлқын да бұзған-ды. Ағалары үшін ешқашан шын жүректен қуанған емес, тек осылайша қуақы көздерін сығырайта түсіп, жылмиып-ақ отырғаны.

– Менімен бірге аңға шығасыңдар ма? – деп қалды Есукей.

– Дәп қазір ме? – Некүн-тәйжі шаңырақтан шаңытып тұрған аспан әлетіне қарады. – Ыстық қой.

– Сонда аулайтынымыз не болмақ? – Дәрітай-отшығын Есукейдің бет-әлпетіне тінте қарап, ағасының көкейінде не барын білгісі келді.

– Елік аулаймыз.

– Өзіміз ғана барамыз ба? – деп тақымдай берді отшығын Есукейдің ойында не жатқанын әлі де болса түсінбей.

– Үшеуміз ғана барамыз, басқа ешкімнің керегі жоқ. Бірақ қояр шартым – елік менікі болады.

– Ал бізге ше? – деп болмады отшығын.

– Сендерге бір-бір өгіз.

– Е-е, – деді отшығын ағасының қандай саятқа шақырып отырғанын сезген сыңаймен дауысын соза сөйлеп. – Қауіпті емес пе? Бәлкім, үлкен ағаға – Менді-Қиянға айтып, ақыл қосармыз.

– Өгіз екеу ғана, – деп қарқылдай күлді Есукей. Содан соң орнынан тұрып кетті. – Тез киініңдер. Егер сендердің барғыларың жоқ болса, өзім кетем.

III

Күн ұясына қонды. Ауа салқын тарта бастаған. Бірақ күні бойы аптап ұрған жер қойнауынан күп-күрғақ боп жылы лептің табы еседі. Шөп біткеннің басқа шауып, мұрын жарған иісінің күші тарқап кеткен сияқты ма. Шаршап-шалдыққан өгіздер арбаны әрең-әрсен

тартатындай. Олардың тұяғы қатып қалған қара жерге тақ-тұқ тиеді. Әуелүн су ішкісі келіп, қаталап отыр. Тұманың мүп-мүздай бір ұрттам суы құдайдың рақаты екен ғой. Қайнар бұлаққа қашан жетеміз деп қаншама рет қайталап сұраған. Әлі-ақ жетеміз деп Шіледу де соншама рет қайталап жауап берген. Бірақ ұшы-қиырына көз жетпейтін тақтайдай тегіс, жазық дала жеткізбестен кете берген, кете берген. Әуелүн қызыл арайға малынған аспан шеті жермен барып астасатын тұсқа көзі суырып алғанша қадалып қалады да, көлдер мен бұлақтардың белгісі – тал шоғыры, қамыс қатары немесе биік өсер қияқ шіркіндер көзіме қашан көрінер екен дегендей үмітке малданып келеді. Қызыл іңір күңгірт тартып, бозғылт далаға ымырт үйірілді. Осы бір кез Әуелүннің өткір көзі алғы бетте қараңдаған өлденені шалып қалды. Не болды екен бұл, әлде тал сұлбасы ма.

– Шіледу, қарашы анаған.

Шіледу өгіздерін тоқтатты. Донғалақ астындағы шөп сыбдыры сап болды, шыбын-шіркейдің гуіліне тұнып қалған тылсым шақ орнады да, сол тылсымның ішінен ат тұяғының дүбірі жетті құлаққа. Әлде бір сұлба бұлардың алдын кесіп бара жатқандай ма. Ат тұяғының сондай бір дүбірін Әуелүн арт жақтан да, бүйір тұстан да естіп қалды.

– Бұл не, бұл?! – деп Әуелүн үрей буып Шіледуге қарай тығыла түскен.

Шіледу оны шалт итеріп тастап, арба ішінен атып шықты. Сол бір шақ зың етіп адырна тартылды да, ымырт тұңғиығына сүңги жөнелген жебенің зуылы естілді.

– Ей меркіт, қой деймін!

Әуелүн өктем дауысты жазбай таныды. Бұл қайтып оралған жиренбас Есукей еді. Бойындағы үрейі бірден жоқ боп кетті, неге екенін кім білсін, өздеріне Есукей жамандық жасамайтындай көрініп еді бұған. Бірақ осы үмітті Есукей сол табанда-ақ үзіп жіберген.

– Меркіт, тыңдап ал дұрыстап! Бізбен шайқасам деп әуре болма – біз көппіз. Қашып құтылам деп те ойлама – біздің аттарымыз әрі жүйрік, әрі тың. Егер тағы бір садақ тартсаң, ертең-ақ тұрған қалпыңмен қарсақтарға жем боп жатасың.

Қараңғылық үйірілгені сонша, Әуелүн тіпті арбаның тұс-тұсынан қараңдаған үш аттының сұлбаларын әрең-әрең ажырата алатындай болып отыр.

– Көреміз әлі қарсаққа әуелі кімнің жем боларын! – Шіледу айбатқа мініп, айғайға басты.

Есукей қарқ-қарқ.

– Меркіт, сенің басың төңкеріліп қалған бос қазан ба деймін. Байқа...

Шіледудің түп-тура аяғының астына, жерге шаншыла кеп қадалған жебенің ұшы жарқ етіп, от шашты. Жебенің сабы ара ызыңы сияқты зың-зың етіп, біразға дейін дірілдеп тұрды.

– Ал бұған не айтасың? – деп сдірең қакты Есукей. – Осындай үш оқ сенің кеңірдегіңді бұзып өткенде кірпік қаға алмай қаларсың бәлем... Тыңда сөзді әрмен қарай одан да. Сенің түкке тұрғысыз өміріңнің бізге керегі жоқ. Атыңа мін де, тайып тұр. Қыз арбамен бірге осында қалатын болсын.

Жиренбас айтқанын орындамай тынбайтынын Әуелүн түсінді. Бұлар кетпес те, дегенінен қайтпас та. Шіледуді өлтіріп жіберуден де тайынбас. Осының бәрінің ақылға сыймайтыны сонша, тіпті жаман түс сияқты боп та көрінеді. Солықтап, ішін тартқан өгіздер қатқыл шөпті қаужалағандай болады, ал кекілді жануар тұмсығын арба ағашына үйкелей берген. Әуелүннің жанұшыра айғайлап жібергісі бар, сол айғайымен жапан даланы дүрліктіріп, артта қалған ақ пейіл де адал сарбаздарды, малшы атаулының бар әмбесін аяғынан тік тұрғызғысы және бар. Бірақ ол айғайлаған жоқ, арбадан атып шықты да, күйеуін күшақтап тұрып қалды.

– Бар! Бара берші, Шіледу жаным!

– Қайда барарсың? – деп сауал сала сөйледі ол тұнжырап. – Жау оғына жауырынымды бергенімше, кеудемді төсеп өлгенім жақсы емес пе.

– Мен сені өлімге бермеймін! – деді Әуелүн даусы құмығып. – Сен өмір сүруге тиістісің!

Оның тұла бойын жанталасқан жанкештілік билеп алған еді. Шалт қимылмен атты арбадан ағытып алды да, тізгінді Шіледудің қолына ұстатты. Содан соң оның белдігінде ілулі тұрған қынынан сапысын суырып алып, дала бетіне – Есукейге қарай аяқ басты. Осының бәрін елеп, екшеп жатпай, апыл-ғұпыл істеді. Бірақ қимыл-әрекетінің бәрі бейнесір алдын-ала ойластырылып, дайындалғандай болды да шықты.

– Әй, жиренбас бәрі! Шіледу кетсе кетеді. Ол өлімнен қорқып тұрған жоқ, оның өлімін қаламай тұрған мына менмін. Естисің бе,

жиренбас қарақшы, мына менмін? Егер сен Шіледуді өлтірер болсаң, мына мен түп-тура көз алдында бауыздалып тынамын!... Хош! – Ол артына қарады. – Хош бол, Шіледу!

Есукей үп-ұзын сүңгісіне сүйсініп, бұл қарекеттің ақырын күтіп тұрып қалған еді. Басында болар-болмас қана ағараң тартқан дулығасы көрінсді.

– Мен сені жай ғана сұлу шығар деп ойласам, сен өзің ержүрек жауынгер де екенсің ғой.

Апақ-сапақ қараңғылықта қыз оның беті-жүзін көре алған жоқ, бірақ даусына қарап, Есукейдің мысқылдай күліп тұрғанын сезді және сол бір зымиян дауыс бұған соншама жексұрын болып естілді. Ол Есукейден екі аттам жерге жетіп тоқтады да, ту сыртындағы дыбыстарға құлағын тосты. Шіледу тезірек кетіп қалса екен. Әйтпесе жан шыдамас азапқа бұл төзер емес.

Есукейдің қалай сүңгі көтергенін Әуелүн байқамай қалды. Қас пен көздің арасында қару ұшымен қағып қалып, қолында ұстап тұрған сапысын ұшырып түсірді. Қызды қапсыра тартып, алапаттай алақанымен аузын жапты. Осының бәрін қас қағым арасында шалт қимылмен істегені соншалық, Әуелүннің қарсыласарға да мұршасы тіпті болған жоқ.

Қызды сол күйімен көтеріп, ерге салған ол әлдене деп дауыстап жіберді де, айдалаға құйғытып ала жөнелген. Тек осы тұста ғана Әуелүн есін жиған. Ол жігіттің қолында бұлқынып, тырналап, тістелеп аласұрған. Есукей де оны сыбап алып, ерге көлденең салған да, қолдарын артына қайырып, белдікпен байлап тастаған. Әуелүннің басы аттың тер басқан сауырында салпақтап, шашы шөптесін бетінде сүйретіліп келе жатты. Бейшара болып, санасы сөніп, есінен танып бара жатқан ол көк-төңір мен желеп-жебеуші аруақтардан жалбарына өлім тіледі, ең жасаған жақсылықтарың сол болсын деп тіледі.

Есін жиса, төсекте жатыр екен. Киіз үйдің есігі тұрулі, жарық сәуле мен таңғы таза ауаның тасқыны үй ішіне ағындап құйылады; табалдырық алды – жапырылған көк, көк үстіне қонақтап қалған таңғы шық біресе қызғылтым, біресе сарғылтым, біресе көкшілтім боп жалт-жүлт етеді. Адамдардың дауысы, жетімсіреген лақтың манырасы, арба доңғалағының шиқылы келеді құлаққа. Сірә, мұның қашып кетуіне жол жоқ болар, әйтпесе үй алдында қарауыл тұрар еді ғой. Мүмкін, қарауыл бар да шығар-ау...

Әуелүн басын көтеріп отырды да, үй ішін шолып шықты. Төр жақта беті шағындау тағанша тұр. Оның үстіне былғары қуыршақтар – онгондар қойылыпты. Қуыршақ біткеннің басы әбден майсінді болған, мұнысы – құрбандыққа ас берудің белгісі; екінші таған ошақ басында тұр, оның үстіне тостағандар мен абажадай қыш ыдыс қойылыпты, қара қазан асулы тұрған ошақта үйіліп күл қоламтасы жатыр; өзі отырған төсектің жанында, қардай аппақ ою-өрнекті сырмақ үстінде сирақтары ойылмалап жасалған, беті жылтыр қара тақтайлы тағы бір шағын тағанша тұр; бұған берілген төсек-орын киіз үйдің оң жақ бетін алыпты; сол жақ бетінде тағы бір төсек көрінеді, бірақ бұл әзірше бос екен; шыға беріске таманғы керегеле ілулі киім, өгіздің қалың терісінен тігілген кебене-сауыт, көнетоз тартып, салқамы шыққан ескі қорамсақ. Мұндағы зат біткеннің бәрі өзіне бала кезінен таныс, үйреншікті дүниелер, тек қарасаң жүзің көрінетін, беті айнадай жылтыр қара тағаншаны мұның тұнғыш рет көруі. Ау, сонда бұл қайда жатыр? Енді не күй кешпек? Сол сәт өзінің Шіледуі есіне түсіп кетіп, ал жыласын қыстығып. Құтқарам деп уәде беріп еді, құтқара алмады ғой. Тірі емес шығар-ау, сірә. Енді өзінің де өлгеннен басқа несі қалды.

Үстінде көнетоз желеңі бар қызметші әйел сыбысын білдірмей кірді де, үнсіз ғана тәжім кылып, жаңағы тағанша үстіне қаймақ салынған ағаш тостаған қойды, кесеге сүт құйды. Өксігін баса алмай солқылдап отырған Әуелүн ештеңе керек емес дегенді ыммен ғана ұқтырғандай болып еді.

– Фужин¹ тамақты көбірек алып, аз жылауы керек, – деді қызметші әйел тілі бұралып, содан соң ауыр күрсінді де, Әуелүннің қасына кеп отырды. – Көзіңнің жасы көркінді бұзады.

– Маған енді бәрібір.

– Е-е, олай деме, олай деме! – қызметші әйел басын шайқады. – Фужин жап-жас, әдемі – өмірдің қызығын көруі керек емес пе.

Ол мейірін сала Әуелүннің басынан сипап, түнгі аласапыранда шашына жабысқан шөп-шалаңды суыртпақтап ала бастады.

– Өзің қайдан жүрсің? Атың кім сенің? – Әуелүн жылағанын қойды, көкейінде жылт етіп тинәмдай бір үміт оты тұтанғандай: бәлкім, осы әйел бұған қол ұшын беріп қалар.

¹Фужин – мырза әйелі, бәйбіше /қытай/.

– Мен Қытайданмын. Атым сіздерше Қуақшын, яғни Кейкуат, өз тілімізде – Хуа Чэн. Таяуда ғана мына сен сияктанып мен де өкіріп-бақырып боздағанмын. Қазір ондайды қойғам, жыламаймын. Үйреніп кеттім. Е, мені қойшы, мен қарапайым ғана адаммын, сендерше айтқанда, қарашамын. Елде жүргенде малай едім, мұнда да баяғы сол тіршілік. Қайта, бұл жерде жақсырақпын. Елдегі қожайыным иттің иті еді ғой. Бамбук таяғымен жонымнан салғанда бар ма, ой, жанымды көзіме көрсетуші еді-ау! – Қуақшын нығын қомдап, жыламсырағандай кейіп танытты да, күліп жіберді.

– Мұнда қайдан тап болып жүрсің?

– Менің қожайынымның тағы өз қожайыны болатын. Өзі бастықтың да ең бір дөкейі еді. Ұлы, ғизатлу хуандидің¹ өзі оны осында елші ғып жіберген. Ол өзімен бірге менің мырзамды ерте жүрді, ал менің мырзам өз тарапынан өзімен бірге құртақандай інім Хо скеумізді ала кетті. Әйдік мырзаны да, менің мырзамды да мұндағылар бауыздап өлтірді...

Тұла бойы түршігіп кеткен Қуақшын суыртпақтап отырған Әуелүннің шашын уысынан шығарып алды.

Бұл бір шақ үй сыртынан әлдекімнің жеңіл ғана, бірақ тез-тез аяқ алысы естілген. Қуақшын асыға-үсіге орнынан тұрды да, тағзым еткен күйі есіктен шығып кете барды. Нақ сол сәтте үйге іле-шала Есукей келіп кірген. Жалпақ белдігінде қола жалатылған шағын ғана сапысы болмаса, ол қарусыз екен. Есукей тағанша басына тақаулау келіп, қарама-қарсы отырды. Содан соң пәлендей бір ықылас танытпай, бірақ Әуелүнге қамыға отырып тіл қатты.

– Әуелүн, кешегімді кск алмашы, – деп.

Әуелүннің тынысы тарылып, алқымы қысылғандай болды. Әреңдеп шыққан тарғыл үнмен:

– Қайда Шіледу? – деді.

Есукейдің шегір көздері бір сәт от шашып алара қалды да, жақтырмағандай қабағын түйді.

– Өлтіріп қойдыңдар ма оны? – деп деміге күбір етті Әуелүн. Әуелүннің көзі барып Есукейдің белдігіне түсті. Алда-жалда тағанша бетіне енксеіе қойса, оның қынындағы сапысын суырып алуға болғандай екен.

¹ Хуанди – император.

– Өлтірген жоқпыз, – деді Есукей өкінген сынаймаймен. – Оның өлімін сен қаламадың емес пе, сол үшін-ақ тірі қалды жазғаның. Ал бірақ бұдан былай ол неменді айта беретін болсаң, мен саған соның түп-тура басын әкеп берем, – деді де Есукей үнсіз қалды. Әуелүн дәл ем деген жоқ. Шаңырақтан бажылдай кірген бүгелек айнала ұшып, беймаза ызыңымен үй ішін азан-қазан қылған. Әуелүн осы ызыңға құлақ түріп, кеседегі сүтке қадалыпты да қалыпты. Ой-санасы да, жан дүниесі де құлазып, бос қалғандай меңіреу бір күй кешті.

– Әуелүн! – Есукейдің дауысы әлде қайдағы алыстан естілгендей болды. Қыз көз салып қарамады да, қозғалып, қимылдамады. – Мен саған жамандық жасамаймын, Әуелүн. Бар тілегім – сен менің зайыбым болсаң болғаны. Саған деген ынтығымды өлім ғана қайтарар. Осы сөзімді есінде сақта, Әуелүн. – Ол үнсіз қалды. – Біз соғысқа аттанып барамыз. Әгәрәки, алда-жалда көз жұмып кетсем, балаларына менің әке болғанымды көк-тәңірдің өзі қаламағаны да. Жазмыштан озмыш жоқ деген, егер өліп қалсам, сені ауылыңа апарып тастайды. Ал егер аман оралсам... Әуелүн, сен менің аман-есен, тірі келгенімді қалайсың ба? Үндемейсің, ә?

Есукей отырған орнынан атып тұрып, үй ішінде әрлі-берлі жүріп кетті. Бет-әлпеті барған сайын тұнжырап, қамыға түскен. Өзі кешегісіндей емес, мүлде бөлск. Қылжақтаған сөзі де, мазақ қылған әпербақандығы да жоқ. Тіпті Әуелүнді ұмытып кеткен сияқты үй ішінде өзімен-өзі болып, жүрген де қойған. Кенет тоқтай қалып, бейнебір шағынғандай кейіппен ақырын ғана:

– Бәрібір өлтірмей қоймады ғой оны. Және қалай өлтірді десенші! – деді.

– Кімді... кімді... өлтірді? – Есукей Шіледу туралы айтып тұрау, жаңағысы өшейін ғана алдағаны екен ғой деген ой кеп қалып еді Әуелүнге.

– Олар Амбығай ханды өлтірді... Қайтесің, сен білмейсің оны...

Әуелүннің жүрегі орнына түсті. Ханның өлімінде қанша шаруасы бар мұның!

– ... Амбығай ханның мен үшін кім болғанын сен білмейсің. Оны туған әкемнен артық көруші ем. Оның даналығы біздің тайпаның құдырет-күші еді ғой шіркін! Қарғыс атқыр татарлар! Амбығай ханды ұстап алып, қытайдың Алтан-ханына апарып берген әне солар. Алтан-хан оны ағаш есекке шегелеп қоюға бұйрық қылыпты. Еріккен